



# Saiga News

2006/07 ж. қысы: 4-ші шығарылуы

Ақбөкеннің экологиясы және оны қорғау мәселелері жөнінде мәлімет алмасу үшін 6 тілде шығады

## Мазмұны

### Бас мақала – 1 бет

Дэвид Мэллон Алматыдағы кездесу – ақбөкенді сақтау саласындағы басты қадам

### Жаңалықтар – 2-4 бет

ИНТАС жобасына қатысушылардың қортынды кездесуі - ақбөкенді сақтау Одағын құруға себеп болды

Ақбөкенді сақтау Одағы табиғатты сақтау жұмысшы тобының (WCN) "Ехро-2006" көрмесіне қатысты

Өзбекстанда ақбөкенді сақтауға арналған дөңгелек стол ұйымдастырылды

Өзбекстанда ақбөкенді қорғау пикеті

Волоколам питомнигінде (Ресей) ақбөкен құралайы дүниеге келді

Моңғол ақбөкені балалар көзімен

Қателіктермен жұмыс істеу – музыка мен спорт жұлдыздары Қытай табиғатын қорғауға шықты

Қазақстанда ақбөкен жөнінде мультфильм түсірілді

"Ақбөкен тарихы" – жаңа ағылшындық документальды фильм

Ақбөкен құралайы Топалов-Крамник шахмат матчының талисманы (тұмары)

Моңғолияда ақбөкенді қорғауды күшейту

Моңғолдық кеден қызметкерлері ақбөкен мүйіздерін заңсыз алып бара жатқандарды ұстады

### Баспаларға шолу – 4-5 бет

Ольга Володина Өткен мен келешек арасында. Казакстанская правда, № 236 (25207), 25 қазан 2006 ж.

### Ғылыми мақалалар – 5-10 бет

Юнгуис Х. Ұлы көл жағасында моңғол ақбөкенін қалпына келтіру келіпдемесі

Бергер К., Бергер Дж. Моңғол ақбөкені: табиғат қорғау қоғамының (WCS) далалық зерттеуі мен радио-таңбалау

Диркс Я. Мектеп оқушылары үшін қосымша оқу құралы-ақбөкенді сақтау құралы

Косбергенев М. Өзбекстанда ақбөкеннің үстірт популяциясын сақтаудың қазіргі жайы және қорғау шаралары

Арыпова Н.Ю., Луцкекина А.А., Вознесенская В.В. Солтүстік-Батыс Прикаспийде ақбөкен популяциясының өніп-өсуін зерттеудегі жаңа бағыт

Плахов К.Н. Арал-Каспий территориясындағы ақбөкендер

### Жобаларға шолу – 10 бет

Үстірт қыратында (Қазақстан) табыс көзінің балама жобасын құру - FFI жобасы

Қытайда ақбөкен мүйіздерімен сауда жасауды зерттеу жобасы

### Жаңа басылымдар – 10 бет

## Алматыдағы кездесу – ақбөкенді сақтау саласындағы басты қадам

Ақбөкенді (*Saiga tatarica tatarica*) сақтау, қалпына келтіру және тұрақты пайдалану жөніндегі өзара түсінісу меморандумына (ӨТМ) қол қойған елдердің біріншісі мәжілісі 25-26 қыркүйекте 2006 ж. Алматыда (Қазақстан) өтті. Мәжіліске Қазақстан, Түркменстан, Өзбекстан, Моңғолия, Ресей және Қытай өкілдерімен қатар көптеген үкіметтік емес ұйымдар қатысты. Мәжіліске ӨТМ-ге Қазақстан қол қойды; сөйтіп, бұл елде ӨТМ өз нүшесіне енді. Бұл табыс-соңғы жылдары Қоныс аударатын түрлер Конвенциясы (CMS) секретариатының және оған қатысқан басқа да мамандар жұмыстарының жемісі деуге болады. Үш халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері де (фауна мен флораның халықаралық фонды - FFI, Франкфурт зоологиялық қоғамы – FZS және жабайы табиғатты қорғау қоғамы – WCS партнерлік ұйымдар ретінде ӨТМ-ге қол қойды.



Наурызбай Хадыркеев пет Лайл Гловка ӨТМ-ге қол қойғаннан кейін (сол жақта); Дэвид Мэллон мәжілісті ашуда сөз сөйлеуде (оң жақта). Сурет А.Есиповтікі



Мәжіліс алдында Халықаралық табиғат қорғау ұйымының антилопалар жөніндегі комиссияның мамандары (IUCN/SSC) және осы ұйымның тұрақты пайдалану тобының мамандары екі күндік техникалық семинар өткізді. Семинар жұмысына ақбөкен мекендейтін елдердің арнаулы өкілдері, ғалымдар, питомниктер қызметкерлері, қорғалатын табиғи территориялардың мамандары, ақбөкен өнімдерін пайдаланатын елдердің қызметкерлері, барлығы 50-ден астам адам қатысты. Ақбөкен мен айналысатын барлық ұйымдардың мамандарының бұл семинарға қатысуы бұл жануарларды сақтап қалуға мүдделі екендігін көрсетті. CMS-де кездесу алдында ұлттық есептер мен проекттер есептерінің формасы таратылды. Толтырылған формалар ақбөкен таралған бес елден, Қытайдан және 22 әртүрлі проекттерден түсті. Бұл формалар қазіргі жобалар барысын сипаттауға және ақбөкенді сақтаудың қазіргі жағдайын білуге пайдаланылды. Техникалық семинар проекттер есебін тыңдап, өзгерістер енгізді. Ақбөкеннің бес популяциясының үшеуінің қазіргі жайы туралы жаңа мәліметтер алынды; сондай-ақ CMS мәжілісі үшін ұсыныстардың (рекомендация) қортынды варианты қабылданды. Кейбір популяцияларда ақбөкен санының аздап өскендігі айтылды, бұл кейбір популяцияларда аң санының қалыптаса бастағанын байқатады. Сондай-ақ антилопалар тобы мамандары мен Еуропа бөлімшесінің тұрақты пайдалану мамандары дайындаған ортамерзімдік Халықаралық жұмыс программасы да талқыланды. Бұл программа ӨТМ-нің жоспарының бір бөлігі және келесі бес жылға арналған негізгі бағытты анықтайды. Бұл документтің негізгі идеясы ақбөкен санын көбейтіп, оны тұрақты пайдалану дәрежесіне жеткізу. Техникалық семинарда бұл программа мамандардың талқылауына түсті. Түзетілген программаның варианты ӨТМ мәжілісіне ұсынылды. Одан әрі ұлттық өкілдері мұндай техникалық семинарды екі жылда бір рет өткізіп тұруға келісті. Ол жоғарыда көрсетілген принциптерге сәйкес өткізіліп тұруға тиісті.

Техникалық семинар және ӨТМ-ге қол қойған елдердің мәжілісі ұйымшылдық жағдайда өтті және нәтижесі табысты болды. Сондықтан да CMS-ге және Қазақстан Республикасының аңшылық және орман шаруашылығы комитетіне кездесуді жақсы ұйымдастырып, қонақтарды жақсы қарсы алғаны үшін үлкен рахмет айтамыз.

Дэвид Мэллон, IUCN/SSC-тің антилопалар жөніндегі мамандар тобы, [d.mallon@zoo.co.uk](mailto:d.mallon@zoo.co.uk)  
 Редакциядан: ағылшын және орыс тілдеріндегі мәжілістің барлық документтері CMS-тің веб-сайтында: [http://www.cms.int/species/saiga/1st\\_saiga\\_range\\_states\\_meeting.htm](http://www.cms.int/species/saiga/1st_saiga_range_states_meeting.htm).

**Редакция алқасы.** Ұлыбритания: Э.Дж.Милнер-Гулланд, Лондон Империял колледжі ([e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk)); Қазақстан: А.Бекенов и Ю.Грачев, зоология институты ([terio@nursat.kz](mailto:terio@nursat.kz)); Қытай: А.Канг, и Ли Лишу, WCS Қытай ([ygling@online.sh.cn](mailto:ygling@online.sh.cn)); Моңғолия: Б. Лхагвасурен, Биология институты ([ecolab@magicnet.mn](mailto:ecolab@magicnet.mn)) және Е.Онон, WWF-Моңғолия ([mipo-species@wwf.mn](mailto:mipo-species@wwf.mn)); Ресей: Ю.Арылов, Қалмақ Республикасының жабайы жануарлар орталығы ([kalmisaigak@elista.ru](mailto:kalmisaigak@elista.ru)) және А.Луцкекина, экология және эволюция проблемалары Институты ([mab.ru@relcom.ru](mailto:mab.ru@relcom.ru)); Түркменстан: Дж.Сапармуратов, шөл, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің ұлттық институты ([sjuma@untuk.org](mailto:sjuma@untuk.org)); Өзбекстан: Е.Быкова және А.Есипов, зоология Институты ([esip@tkt.uz](mailto:esip@tkt.uz)).

Сіздерді көрсетілген алты тілдің бірінде жазылған материалдарыңызды жіберуге шақырамыз. Оларды мына адреске жіберіңіздер: [esip@tkt.uz](mailto:esip@tkt.uz) немесе редакторлардың біріне. Бюллетень жылына екі рет шығады.

Бұл басылымды мынадай online табуға болады: <http://saigak.biodiversity.ru/publications.html>, [www.iccs.org.uk/saiganews.htm](http://www.iccs.org.uk/saiganews.htm) және <http://www.wildlifewarden.net/wcs/mini/Saiga-Chinese.pdf>, сондай-ақ pdf-ден немесе оның көшірмесін ағылшын, қазақ, қытай, моңғол, өзбек және орыс тілдерінде өздеріңнің мәлімдемелерің бойынша алуға болады.

Шығуына қаржыдай көмектескен



Қосымша қаржы:



## Халықаралық ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАР

### INTAS жобасына қатысушылардың қортынды кездесуі – ақбөкенді сақтау Одағын құруға себеп болды

«Саны азайып бара жатқан ақбөкеннің өніп-өсу экологиясы» атты Интас проектісіне (жобасына) қатысушылардың қортынды кездесуі 2006 ж. 21-22 қыркүйегінде Алматыда (Қазақстан) өтті. Кездесу барысында зерттеулердің нәтижесінде алынған ғылыми мәліметтер, оларды талдау және бұл мәліметтерді 2007 ж. наурыз айына дейін баспа бетінде жариялау сөз болды. Бұл жоба Қазақстанда, Өзбекстанда және Ресейде жүргізілді. Негізгі мақсат – ақбөкенге мониторингтік бақылау жүргізіп, оның таралуын, топ құрауын және өніп-өсу процесін қазіргі жаңа әдістемелер арқылы зерттеу. Сондай-ақ бұл проект жақында біткен «Ауыл тұрғындарының жағдайын жақсарту үшін ақбөкенді пайдалану» атты «Дарвин Инициативасы» жобасымен байланысып жатыр. Соңғы жобада ауыл тұрғындары арасында социальдық зерттеулер жүргізіліп, олардың бұл аңға деген пікірлерін анықтаған еді. Біз, негізінен, ақбөкенді сақтау және оның экологиясы жөніндегі мәліметтерді ғалымдар, жергілікті тұрғындар және саясаткерлер арасында таратамыз.



Ақбөкен жөніндегі мамандар Алматыда кездесті.  
Сурет А.Есиповтікі

Біздің зерттеуіміздің нәтижелері «Saiga News»-те (осы нөмірдегі гормональдық талдауды қара) және халықаралық журналдарда жарияланады. Біз табиғат қорғау саясатына да әсер етеміз. CMS секретариатының талабы бойынша біздің кездесуімізді ӨТМ-ге қол қойған елдердің мәжілісі алдында өткізу керек болды. Бұл ИНТАС-қа қатысушы команда мүшелерінің техникалық семинарға қатысып, өздерінің ғылыми-практикалық тәжірибелеріне сүйене отырып, 5 жылға арналған ортажерзімді жұмыс программаны талдауға қатысу еді. Бұл жұмыстардың нәтижелерінің бірі – жұмыс программасында ақбөкенге санақ жүргізу әдістемелерін жетілдіру болды. Кездесу кезінде ақбөкенді сақтау Одағын құру жөнінде де жаңа бастама әңгіме болды. Талдау барысында осындай ұйымды құру керек деген тоқтамға келді.

Оны ұйымдастырушылар – «Дарвин Инициативасы» және ИНТАС жабаларына қатысушылар деп саналды. «Saiga News» бюллетені осы нөмірінен бастап, ақбөкенді сақтау Одағының атынан шығарыла бастайды.

Сонымен бірге Одақ американдық мемлекеттік емес (НПО) «Жабайы табиғатты сақтау сеті» ұйымына партнерға кандидат статусын алды (алдыңғыны қара) және өзінің меншікті вейт-сайті бар: [www.iccs.org.uk/SaigaAlliance.htm](http://www.iccs.org.uk/SaigaAlliance.htm).

Ақбөкенді сақтау Одағының келесі жобасы Қалмакияда жергілікті тұрғындармен жұмыс істеуге арналған «Дарвин Инициативасы» жобасы «Ақбөкенді сақтау процессіне жергілікті қауымдастықты тартуды бағалау» арқылы іске асады; жергілікті тұрғындардың қатысуымен мониторингті дамыту. Ол биыл Өзбекстанда басталады; ақбөкеннің қоныс аударуын жердің жасанды серігі (спутник) арқылы бақылау. Бұл проекттердің кейбіреуі бүгінде жұмыс істеуде, ал басқалары үшін қаржы іздеу керек.

2006 ж. желтоқсан айынан бастып, Еуроодақ ИНТАС программасын жабады. ИНТАС-тың айтуынша бұрынғы СССР-дің тәуелсіз мемлекеттері үшін проекттерді қаржыландыру жалғасатын болады (жалпы ғылыми-зерттеу бюджетінің бөлігі ретінде, Программа 7). ИНТАС с 1995 жылдан бастап ақбөкенді зерттеу жұмыстарына қаржы бөліп келеді. Соның арқасында бұл аңды сақтауға қажетті аса маңызды ғылыми мәліметтер алынды. Бұл қаржы көзін жоғалту бізге де қиын. Келешекте әлі де ИНТАС-пен жұмысты жалғастырамыз деп ойлаймыз. Қосымша мәлімет алу үшін Э.Дж.Милнер-Гулландпен хабарласу керек, [e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk).

### Ақбөкенді сақтау Одағы табиғатты сақтау жұмысшы тобының (WCN) «Экспо-2006» көрмесіне қатысты



«Экспо-2006» қатысушылар (жоғарғы); ақбөкенді сақтау Одағының экспозициясы (төменгі).  
Сурет С. Болл мен Е.Быкованікі

Биыл ақбөкенді сақтау Одағы жыл сайын өтетін табиғатты қорғаудың Хомықаралық «Экспо-2006» көрмесіне қатысуға шақыру алды. Бұл көрме 6-8 қазанда (2006 ж.) АҚШ-та Лос-Алто (Калифорния штаты) қаласында ұйымдастырылды. «Экспо-2006» көрмесін жабайы табиғатты сақтау сеті (WCN) өткізді.

Соңғы жылдары ақбөкен төңірегіндегі қиын жағдайды жұртшылыққа түсіндіру үшін және потенциалды донорлар табылама деген мақсатпен біз Лос-Алтоға сапар шектік.

Жер шарының әртүрлі аймақтарында мекендейтін сирек кездесетін түрлерді ұзақ мерзімге сақтап қалу мақсатында WCN өте тиімді жұмыс атқарады. Мұндай көрмелер 2002 жылдан бастап жұмыс істейді. Бұл көптен күткен және уникальды жағдай, оған көптеген адамдар қатысады. Бұлар-түрлерді сақтап қалумен айналысатын ғалымдар, халықаралық табиғат қорғау ұйымдары және табиғат әуесқойлары. Экспоны өткізу кең көлемде тәжірибе мен мәліметтер алмасуға жәрдемдеседі, сондай кездесуге жол ашып, адамдардың бір-бірімен пікір алмасуына жағдай жасайды. Олардың арасында табиғатты сүйетін және саны азайып кеткен жануарларды сақтауға көмектескісі келетін көрнекті адамдар көп-ақ. Басқа қатысушылармен бірге ақбөкенді сақтау Одағы WCN-нің партнерлік статусына үміттенді, өйткені ол Одақтың одан әрі дамуына және ақбөкенді сақтап қалудың әртүрлі проекттерін қолдауға мүмкіндік береді. 2006 жылдың қараша айында біздің Одақ WCN-нің партнерлігіне кандидат статусын алғандығын қуана айтамыз. Бұл біздің Экспо-2007 көрмесіне қатысуға және біздің қазіргі және келешек проекттерге қосымша қаржы іздестіруге мүмкіндік береді.

Қосымша мәліметтер алу үшін Е.Быковаға [esipo@tkt.uz](mailto:esipo@tkt.uz) және Э.Дж.Милнер-Гулландқа хабарласу қажет, [e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk), или посетите веб-сайт WCN, [http://www.wildnet.org/expo2006\\_photos.htm](http://www.wildnet.org/expo2006_photos.htm).



## Өзбекстанда ақбөкенді сақтауға арналған дөңгелек стол ұйымдастырылды

2006 жылдың 15 тамызында Өзбекстан Республикасы табиғат қорғау мемлекеттік комитетінің Пресс-орталығында ақбөкенді сақтау мен оның Өзбекстандағы мекен жайларын қорғауды талқылауға арналған дөңгелек стол болып өтті. Оны ұйымдастырушылар - Өзбекстанның табиғат қорғау комитеті мен Ғылым Академиясының Зоология институты. Онда айтылған проблема бойынша үлкен пікір алмасу болды. Ақбөкенді қорғау, қалпына келтіру және тұрақты пайдалану жөніндегі халықаралық шараларды орындау үшін Өзбекстанның 2006-2010 жылдарға арналған программасы талқыланды. Сонымен бірге ақбөкенді және оның тіршілік ететін ортасын қорғау саласында жұмыс істейтін ведомстаралық жұмыс тобын құру туралы шешім қабылданды. Негізгі шаралар деп мыналар аталды: ақбөкенді қорғау үшін арнаулы бригада ұйымдастыру, арқылы қорғау шараларын жақсарту, экологиялық программасы бойынша үгіт-насихат жұмыстарын күшейту. Ақбөкенді қолда өсіру питомнигін ұйымдастыру мүмкіндігі туралы да мәселе көтерілді. Ақбөкен популяциясына газ өндіру, автокөлік және теміржолдардың, салынатын құрылыстарының тигізетін әсерлерін зерттеу үшін экспертиза жүргізу керектігі туралы да әңгіме қозғалды. Бұл салалардың әсерлерін жеңілдету шараларын қарастыратын программалар құру туралы да сөз болды. Қосымша мәліметтерді Е.Быкова мен А.Есиповтан аласыздар: [esipo@tkt.uz](mailto:esipo@tkt.uz)



Пулат Реймов – Қарақалпақстанның Госкомприродасының төрағасы көпшіліктің сұрақтарына жауап беруде. Сурет А. Есиповтікі

## Өзбекстанда ақбөкенді қорғау пикеті (жиыны) өткізілді

2006 ж. 6 қазанда тіршілік ортасын қорғау күні «Өзбекстанның құқықты қорғау альянсына» қатысушылар группасы Өзбекстан Республикасы табиғат қорғау мемлекеттік Комитетінде жиын (пикетирование) өткізді. Құқық қорғаушылар Үстіртте ақбөкенді қыру-жоюды тоқтатуды талап етті әрі тиімді қорғау шараларын жүзеге асыруды өтінді. Сондай-ақ Үстіртте газға барлау жүргізуші «Газпром» мен «Лукойл» Ресей компанияларын өздерінің атқарып жатқан жұмыстары және жоспарлары туралы жұртшылықты хабардар етіп отыруға шақырды. Әсіресе, ақбөкен тіршілігіне қолайсыз әсер ететін факторларды ескерулері керек. Толығырақ: <http://saigak.biodiversity.ru/news/121006.html>

## Волоколам питомнигінде (Ресей) ақбөкен құралайы дүниеге келді

31 шілде 2006 ж. «Московского Комсомольца» газетінің мәліметі бойынша, Москва жануарлар паркінің Волоколам питомнигінде ақбөкеннің екі лағы дүниеге келді. Жергілікті зоологтардың айтуынша, бұл жағдай биылғы жылы ерекше құбылыс болып тұр. Өйткені ақбөкенді қолда ұстау өте қиын; бұл жануарлар өте сақ, қолға қиын үйренеді, жиі ауырып, өлім-жітімге ұшырайды. Соңғы жылдары Волоколам питомнигінде ақбөкен саны қысқарып, бірнеше ондықтан үш еркегі мен екі аналығы ғана қалды. Кенеттен бір аналық екі лақ туды. Питомник қызметкерлері енді ақбөкен саны өседі деп үміттенеді.

## Моңғол ақбөкені балалардың көзімен

1-ші қыркүйектен 15 қазанға 2006 ж. дейін сомон Дарви (Гоби-Алтай аймағы) басшылары ұйымдастырған «Моңғол ақбөкені балалар көзімен» атты балалардың творчестволық конкурсын өткізді. Жақсы салынған суреттер мен творчестволық жұмыстарға арнаулы сыйлықтар беріліп, олар 2007-жылдың күнтізбегін жасауға пайдаланылды. Күнтізбек WWF-тың Моңғол программалық офисінің жәрдемімен жарияланды. Балалар мен олардың ата-аналарына таратылды. Қосымша мәліметті алу үшін Е. Онон мен Б. Элбегзая хабарласу керек: [onon@wwf.mn](mailto:onon@wwf.mn)



1-ші орын. Е. Серсен Демид, сомон Дарви

## Қателіктермен жұмыс істеу – музыка мен спорт жұлдыздары Қытай табиғатын қорғауға шықты

2006 ж. 2 тамызында табиғатты қорғау туралы пресс-конференция болды. Онда НБА жұлдызы Яо Мин, Қытай музыкалы Лу Хуань және спорт жұлдызы Ли Нин жойылып бара жатқан түрлерді қорғау мақсатында сөз сөйледі. Яо Қытайда 1960 жылдары аңшылықтың нәтижесінде жойылып кеткен ақбөкеннің дағдыры туралы айтты. «Мен сенемін, - деді ол, мұндай трагедия басқа да жабайы жануарлар үшін қайталанбайды деп».

## Қазақстанда ақбөкен жөнінде мультфильм түсірілді

2006 ж. 17 қазанында Қазақстанда 15 минуттік «Ақбөкен туралы аңыз» («Сага о сайгаке») атты мультфильмнің тұсаукесері болды. Мультфильммен жұмыс істеу «Дала ақбөкенсіз – қалыңдықсыз үйлену тойы сияқты» жобаның есебінен жүзеге асты. Бұл жоба ақбөкенді сақтау үшін ғалымдар мен суретшілер одағын құрға бағытталған. Проектіні ұйымдастырушылар Германияның табиғат қорғау Одағы (NABU) және «АниМастер» студиясы. Жобаны «Global Nature Fund» фондысы мен Шелл Компаниясы қаржыландырады. Қосымша мәліметті Мартин Ленктен аласыздар, [lenk@uni-greifswald.de](mailto:lenk@uni-greifswald.de)

## «Ақбөкен тарихы» – жаңа ағылшындық документальды фильм

Ақбөкен санының азаюы туралы жергілікті тұрғындар не ойлайды? Неге бұл былай болды? Олардың ойынша, ақбөкенді құтқару үшін не істеу керек? Бұл сұрақтарға жауап беру мүмкіндігі Лондонның Империял Колледжінің аспирантқасы Алина Кюльдің көмегімен ағылшын журналистқасы Джулли Миллс түсірген документальды фильмінде Қазақстан даласы тұрғындарының үлесіне тиді. Фильмде ақбөкенге экологиялық қауіп және адам тарихы байланыстырылып көрсетілген. Онда қазіргі және Совет дәуіріндегі ақбөкеннің тіршілігі жайы сөз болады. Сөзге Үстірт және Бетпақдалада тұратын халықтарда араласада. Совет Одағы ыдырағаннан кейінгі қиын жағдай және жергілікті халықтың хал-жайы зерттеледі, оның ақбөкен тіршілігіне әсері, келешекте бұл аң мен ондағы адамдардың жайлары қалай болады, сол мәселелер кеңінен қозғалады. Фильмнің алғашқы көрсетілуі Лонданда BBC-тің 4-ші каналы мен Дүниежүзілік телерадио хабарлары арқылы берілді. Қосымша мәліметті Джулии Миллстен аласыздар, [jam1403@yahoo.co.uk](mailto:jam1403@yahoo.co.uk)



Балалар Бозой қыстауында (Үстірт, Қазақстан) кино түсірушілермен (сол жақта); Әзербай Тулейжанұлы-тәжірибелі аңшы қақпанмен ақбөкенді аулау әдісін көрсетуде (оң жақта). Сурет Д.Дж. Мюррелланкі





## Топалов-Крамник шахмат матчінің талисманы (тұмары) ақбөкен құралайы болды

2006 ж. 21-ші қыркүйегінен 13 қазанға дейін Элиста қаласында болгарлық В.Топалов пен Ресейлік В.Крамник арасындағы шахматтан дүниежүзілік біріншіліктің арнаулы талисманы ақбөкен құралайы болды – Қалмакия символы. Эмблема жобасының авторы белгілі қалмақ суретшісі Сергей Бадендаев. Толығырақ: [http://www.elista.org/elista/index.php?option=com\\_content&task=view&id=758&Itemid=2](http://www.elista.org/elista/index.php?option=com_content&task=view&id=758&Itemid=2).



Браконьерлерге қарсы Ирбис-3 мобильдік тобы. Сурет WWF, Моңғолия

## Моңғолияда ақбөкенді қорғау күшейтілді

2006 жылдың 14-17 қыркүйегінде ақбөкенді қорғау инспекторлары Батыс Моңғолияның Алтай-Саян экорегионында істейтін браконьерлерге қарсы топтар (АБМГ) Ирбис-1 мен Ирбис-3 бірлесе, Гоби-Алтай аймағында бақылау өткізді. Ақбөкенді қорғауға арналған инспекция тобы WWF-Моңғолия проектісі көлемінде 1998 жылы құрылған (Saiga News, № 2 қара).

Браконьерлерге қарсы Ирбис-3 мобильдік группа айына 5-7 рет ақбөкен қоныстарын аралайды. Осының нәтижесінде ақбөкен мүйізімен сауда жүргізіп жүрген 5 жағдайды анықтаған. Браконьерлерге айып пұлы салынған. Ирбис-3 мүшелері ақбөкенге қарсы браконьерлер санын азайту мақсатымен қатар табиғат қорғау заңдылықтарында насихаттап отырады. Қосымша мәліметтерді Е. Онон мен Б. Элбегзаядан аласыздар, WWF-Моңғолия, [nonon@wwf.mn](mailto:nonon@wwf.mn).

## Моңғолияның кеден қызметкерлері ақбөкен мүйіздерін заңсыз алып бара жатқандарды ұстады



Д-р Б.Лхагвасурен конфискиленген мүйіздерді тексеруде. Сурет Б. Чимеддоржаникі

Моңғолия-ақбөкен мүйізімен заңсыз сауда жүргізуде аралық тасымалдау елдерінің бірі. 2006 ж. маусым айында Қытаймен шекаралас жерде моңғол кеденшілері екі моңғол азаматын 36 кг ақбөкен мүйізімен ұстады. Олардың үстінен қылмыстық іс қозғалды. Бұл адамдар мүйізді Қазақстан саудагерлерінен сатып алдық деп мәлімдеді. Конфискиленген мүйіздер шынында да дене пішіні шағын моңғол ақбөкендерінің мүйізі емес сияқты. Олар Қазақстан немесе Ресей (Қалмакия) территориясынан әкінген болуы мүмкін. Моңғол заңына сәйкес қылмыскерлерді үлкен мөлшердегі айып тұл немесе белгілі мерзімге түрмеде отыру күтіп тұр. Іс прокуратураға берілген. Бұл жағдай ақбөкен таралған жерлердің бәрінде браконьермен аяусыз күрес жүргізу керектігін, оның ішінде кедендік бақылауды да күшейту қажет. Бірақ ешкімде ақбөкен таралған елдерде ұсталмай кеткен браконьерлер бар екенін айта алмайды. Сондықтан да заңсыз мүйіздермен сауда жүргізушілерді ұстау үшін осындай мәліметтермен алмасып отырсақ, әсіресе Қытай жағымен, өте маңызды болар еді. Қосымша мәліметтерді Б. Лхагвасурену аласыздар, [ecolab@magicnet](mailto:ecolab@magicnet).

## Баспаларға шолу

**Қазақстан:** *Казахстанская правда*, № 236 (25207) 25 қазан 2006 ж. [қысқартылып алынған]

### Өткен мен болашақ арасында

Қазақстан ақбөкенді қорғаудың халықаралық құжатына қол қойды. Ол туралы Алматыда өткен Өзартүсінісу Меморандумына қол қою мәжілісінде белгілі болды.

### Дұрыс жолда

Бүгінде Қазақстанда арнаулы құрылған жануарларды қорғау бригадалары ақбөкен қоныстанған барлық облыстарды қамтиды. Олар Орталық қорғау тобы, үш филиалдан және алты тұрақты бөлімдерден тұрады. Жақсы жарақталған инспекторлар группалары бүкіл жыл бойы вахталық әдіспен жұмыс істейді. Үш жыл ішінде 67 браконьерлік фактілер анықталып, 99 табиғат қорғау заңын бұзғандар ұсталды; 110 сойылған ақбөкен қолға түсті. Сондай-ақ 22 автокөлік және 46 қару-жарақ алынды. Бардық ұсталған браконьерлер қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Қорғау жұмысын жолға қою және жыл сайын ақбөкенді зерттеу программасын мемлекеттік қаржыландыру бұл жануарлар санын 2006 жылы 49.3 мыңға жеткізуге мүмкіндік берді. Аңдар санының өсуіне қасқырлар санын реттеуде, қоныс аудару процессін және төлдеу кезіндегі жүргізілген зерттеулерде көмектесті. Ақбөкен мекендейтін қоныстарда тек қана зоолог-мамандар ғана емес, сонымен бірге журналистерде болды. Олар көптеген көруроликтерін түсірді және «ақбөкен тақырыбына» көптеген мақалалар жазды. Бұл материалдар көтерілген проблемаға жеке меншік капитал өкілдерін тартуға көмектесті. Мысылы, жеке қайырымдылық қоры «Seimar Social Fund» 14 автокөлік, байланыс құралдарын және Жердің жасанды серігі арқылы байланысатын құралдар, инспекторларды формалы киімдермен жабдықтады. Өндірістік ұйым «Охотзоопром» қызметкерлері Зоология институтының ғылыми қызметкерлерімен бірлесе отырып, жыл сайын ақбөкен қорын анықтап отырады.

Қазақстанда ақбөкенді сақтау мәселесінде халықаралық ұйымдарда үлкен үлес қосуда. Қоныс аударатын жануарларды қорғау Конвенциясының секретариаты, СИТЕС және жабайы табиғатты қорғаудың Дүниежүзілік фондысы ақбөкен мекендейтін барлық елдерде бұл аң популяцияларын қалпына келтіру, қорғау, зерттеу программасын жасауға инициаторлар болды. Әсіресе, үстірт популяциясын қорғау мен қалпына келтіру мәселесі көп әңгіме болды.

Өйткені мұнда аңдар Өзбекстан мен Түркіменстанға қоныс аударады ғой. Ал, онда оларды қорғау жұмысы онша емес. Ол туралы ҚР ауыл шаруашылық министрлігі орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің төрағасы Наурызбай Хадырқеев мәлімдеді. Келешекте осындай проблема Орал популяциясында болуы да мүмкін. Онда ақбөкен саны көбейген сайын, олар Ресей территориясына да қоныс аударады ғой. Біз күшіне енген ӨТМ-ге үлкен сеніммен қараймыз, зор үміт күтеміз. Оның жоспарланған шаралары ақбөкен қоныстарында оны қалпына келтіріп, қорын молайтуға көмектеседі деп сенеміз.



### Оларда қалай?

Ресейде Қалмақ республикасы территориясында еуропа ақбөкені тіршілік етеді. «1997 жылы Қалмақия аңшылық басқармасы 270 мың еуропа ақбөкенін санаған еді», - дейді Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығының директоры Юрий Арылов. «Бірақ Қалмақия аңшылық басқармасы мен Орталық аңшылық бақылау» мемлекеттік ұйымының самолетпен жүргізген санақ жұмысы, 2000 жылдың мамыры, популяцияның адам айытқысыз 24-26 мыңға дейін төмендеп кеткенін көрсетті. Енді бұл жағдайдан шығу жолын іздесетірдік. Саны сирек және жойылып кету қаупінде тұрған жануарларды қорғаудың бірден-бір механизмі-олардың биологиясын және өніп-өсуін зерттеу үшін оларды тор ішінде (вольера) ұстап, өсіру; одан кейін оларды бірте-бірте табиғи ортаға жіберу. Бұл біздің шанс еді. Қазірде жоғарыда аталған Орталықтың базасында еуропа ақбөкеннің аздаған тобы ұсталады».

### Көзден таса...

1990 жылдары Өзбекстанда өмірдің барлық жағында өзгерістер болып жатқанда, ақбөкендер табиғат қорғау ұйымдарының көзінен тыс қалды. Олардың жабайы жануарларға қарауға уақыты да болмады. Бұл жағдайды пысық адамдар пайдалана қойды. 1991 ж. «Ақбөкен» қорықшасы ұйымдастырылғанына қарамастан күні бүгінге дейін жағдай қиындай түсті. Тек қазірде ғана Өзбекстанда бұл проблемаға көңіл бөле бастады. Бірқатар конвенцияға қол қойылды. Оның ішінде биоәртүрлілікті сақтау конвенциясы мен қоныс аударатын жануарлар конвенциясы бар. Осыларға және басқа да халықаралық документтерге байланысты ақбөкенді сақтаудың іс жоспары жасалды. Бұл табиғат қорғау ұйымдарының басшылыққа алатын документі болды.

### Үміт бар

Мәжіліске қатысушылар таяу уақытта ақбөкенді сақтау, өсіру жұмыстары қолға алынады деп сенеді. Бұл жануарларды қорғау тек уақытша ғана шара болып қалмауы керек: браконьерлерге қарсы шараларды кеңінен жүргізу, қоғамдық және мектеп штабтарын ұйыстыру қажет; жергілікті тұрғындар арасында үгіт-насихатты күшейтіп, даламыздың символына басқаша көзқарасты қалыптастыру керек. Келешек ұрпақ үшін бұл жануарды сақтау өте маңызды.

Ольга Володина

Толығырақ: <http://www.kazpravda.kz/index.php?uin=1152013916&chapter=1160770329>.

## Ғылыми мақалалар



### Ұлы Көлдің жазығында моңғол ақбөкенін қалпына келтіру ұсыныстары

Хартмут Юнгиус  
WWF International

Моңғол ақбөкені – Моңғол эндемигі. Ол Моңғолия және Халықаралық табиғат қорғау қоғамының Қызыл Кітаптарына енгізілген, әрі СИТАС-дің 1-ші қосымшасында. Ақбөкен саны мен таралуы жылдан жылға қысқарып келді. Оның себептері: үй малдарымен бәсекелес және заңсыз аулау, заң базасының әлсіздігі, тиімді браконьерлерге қары күресу шараларын қаржыландырудың нашарлығы. Ақбөкеннің бүгінгі күйі бізді ойландырады; 1500 аң 2005 жылы жойылып кетті. Моңғолия биоәртүрлілік Конвенциясына қол қойып, ақбөкенді сақтау жөнінде міндеттеме алды. Аңды қолда өсіру орталығын ұйымдастыру, қолда өсірген ақбөкендерді табиғи ортаға жіберу, қорғауды күшейту және жайылымды жақсартуды басқару, ақбөкенді қалпына келтіру және оның популяциясын бірқалыпта ұстау шараларын жүзеге асыру басты міндеттер болып табылады. Аңды өсіру питомнигін құру, СИТЕС, WWF, ӨТМ-ына қол қойған елдердің бірінші мәжілісінде ұлттық және халықаралық ғылыми қоғамдар ұсынған ұсыныстар моңғол үкіметі үшін басты бағыт болып саналады. Қоршаған орта Министрлігі мұндай проектіні орынғауға дайын екендігін білдірді және бұл міндетті орындау үшін WWF–тың көмегі керектігін айтты.

“MAVA Foundation”, қаржылай көмегінің арқасында моңғол және ресей ғалымдары, әрі WWF мамандары питомниктің техника-экономикалық негізін дайындады. Ұлы Көлдің жазығы кеңінен зерттеле бастады, онда ақбөкеннің бұрынғы уақытта таралуы мен мекендейтін қоныстары туралы мәліметтер жиналды, өсіру Орталығы үшін қолайлы орындар анықталды. Популяцияны қалпына келтіріп, табиғи ортаға жіберу мүмкіндігі қарастырылды. Түрдің биологиялық және экологиялық ерекшеліктері мен оның мекендеріне талдау жасалды. Үй малдарымен бәсекеге түсу дәрежесі бағаланды. Ақбөкен таралу аймағында бақташылар бүкіл жыл бойы мал бағатын қоныстар тексерілді. Ақбөкеннің қазіргі және келешекте қоныстанатын жерлері: Шарғын Гоби, Хуйсин Гоби, Хомин Тале және Дурген Тале зерттеуден өтті.

Проектіні жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай Дурген Таледа деген қортындыға келді;

- Табиғи жайылым жақсы азықтану қорымен және бүкіл жыл бойы сумен қамтамасыз етілген;
- Джаргалант таулы қыраты теріскей және батыс желдерінен жақсы қорғайды;
- Жаз бен қыс кезінде үй малдары аз жайылады, бірақ көктем мен күзде малшылар таудан етектегі жайылымға оралған кезде тау етегінде, көлдер маңында үй малдары едәуір кездеседі;
- Питомник маңындағы үй малдарынан бос үлкен территорияны ақбөкеннің көбею кезінде және табиғи ортаға жіберу кезінде пайдалануға болады.

• Дурген Талеға ақбөкенді жіберу бұл регионның солтүстік жағында популяция санын көбейтуге және қалыптастыруға жағдай жасайды. Одан әрі бұрын мекендеген тарихи мекендейтін аймағына таралуына мүмкіндік береді.

Проектіні жүзеге асырудың алғашқы қадамы жергілікті бақташылармен келісім жүргізуден басталады. Бұл процесті Қоршаған орта Министрлігі, жергілікті үкіметтің өкілдері және WWF басқарады. Бақташылармен Орталықты салатын жерді анықтап, оның маңындағы 20000 га суы бар жер мал жайылмайтын участок болу керектігі туралы келісімге келу керек. Оның орнын толтыру мәселесін де шешу қажет. Ол үшін Хомин Тале және Хустейн Нурудағы проектілердің тәжірибесін пайдаланады. Өсіру, Көбейту программасын орындауда Қалмақия тәжірибесі пайдаланады. Онда моңғол мамандары – тәжірибеден өтеді және қалмақ экспертін программаның орындалуына көмектеседі.



Д-р Х. Юнгиус командасымен ұлы көл жазығында (Моңғолия). Сурет Б. Чимеддоранікі



Қалмақ Республикасы жабайы жануарлар Орталығында өзара бірлесіп-жұмыс жүргізу мәселесін талқылауда (солдан оңға қарай Х.Юнгиус, В.Неролев, Ю.Арылов, В.Даньков). Сурет А. Луцекинанікі

Проектіде жайылымды басқару программасы, оны жақсарту мәселесі қамтылуға тиіс. Білімдік және үгіт-насихат кампаниясы іске қосылуға тиіс; жергілікті тұрғындарға проектінің мақсатын түсіндірілуі керек; олар қолдау көрсетуі қажет. Жастар клубын ұйымдастыруды да ойластыру керек. Браконьерлермен күресу үшін арнаулы бригадаларда жұмыс істеу керек.

Мұндай программаның ең кемінде 6-8 жыл жұмыс істеу жағында қолдау қажет. Жыныстық жағынан аналықтар 7-8 айда, текелері 1.5 жылда жетіледі. Вольердік популяцияны құру және табиғи ортаға жіберетіндей санын көбейтуге 3 жылдай уақыт кетеді. Проектінің мақсатын толық орындау үшін жыл сайын табиғатқа жіберуде ойластырылады. Қазірде қаржы табу мәселелері қарастырылып жатыр.



WCS-тің дала командасының мүшелері табиғи резерват Шаргада ересек аналық ақбөкенге радио-ошейникті бекітіп жатыр. Бергер суреті.

## Моңғол ақбөкені: WCS-тің далалық зерттеулері және радио-білезіктеу

Ким и Джоэл Бергер  
табиғат қорғау қоғамы, [kberger@wcs.org](mailto:kberger@wcs.org)



2006 жылдың тамызында жабайы табиғат қорғау қоғамы (WCS) Моңғолия Ғылым Академиясымен бірлесе отырып, Батыс Моңғолияда ақбөкенді бақылады және оның мекендейтін қоныстарында зерттеулер жүргізді. Мұнда екі мақсат көзделді: 1) ақбөкеннің қоныс аударуын және өмір сүру жағдайын зерттеу үшін ақбөкенді аулап, оларды білезіктеу; 2) популяцияның санын анықтау және келешекте оның өзгеруін бағалау. Бұл мақсаттар 2005 жылы көптеген мемлекеттік, жекелі және мемлекеттік емес ұйымдардың жинаған материалдары есебінен, сондай-ақ моңғол ғалымдары мен табиғат қорғау мамандарымен ақылдаса отырып орындалды. 2006 жылы далалық зерттеулерді Джоэль мен Ким Бергер WCS-тің Моңғол программасының директоры Амандой Файншы және Моңғол Ғылым академиясы экология лабораториясының меңгерушісі Б. Лхагвасуренмен бірлесіп орындалды. Сонымен далалық жұмысқа биолог Б. Буувейбаатар (Моңғол ҒА), Майк Дунбар (АҚШ ауыл шарушылығы департаментінің мал дәрігері) және З. Намшир – мал дәрігері, ҒА-сының бұрынғы қызметкері. Зерттеу жұмыстарын Ұлттық Географиялық қоғамы қаржыландырды.

Торды пайдалана отырып, команда мүшелері 13 ақбөкенді (2 теке, 9 аналық, 2 лағы) ұстады. Сегіз ересек аналық GPS-пен немесе спутникті радио-ошейниктермен қамтылды. Олар арқылы 2007 жылдың шілде айына дейін ақбөкенге бақылау және қоныс аудару мәліметтері алынады. Орташа атқарылған процестерге 6.5 минут уақыт кетті; аңдарды жансыздандыру қолданылған жоқ. Ауланған барлық жануарлардың күйі жақсы болды; ауланғанның соң 3 жетіден кейін де бәрі тірі болды. Генетикалық және паразитологиялық зерттеу үшін әрі ауруларын анықтау үшін олардан қан, жүн және қилары алынды. Аулау кезінде команда мүшелері жергілікті инспекторларды радио-білезіктеу техникасымен үйретті. Олар ақбөкенді сақтау үшін WWF-тың көмегімен жұмыс істейді. Олар Америкаға Бергерлер кеткеннен кейін білезіктелген жануарларды бақылайтын болады.

Ақбөкенді ұстау оларды көп қумай-ақ, табысты аяқталды. Басқа жануарлар сияқты ақбөкенде өте сезімтал аң. Көп қуғанда аңның температурасы көтерілуі мүмкін. Өйткені олар қорқып, қорқыныш сезімі пайда болады. Одан аңдар өліп кетуі де мүмкін; денесіндегі еттері мен бүйректеріне де әсер етеді. Ақбөкендерді аулау әдісі сондай жақсы жағдайда өтті, оның радио-білезіктеу әдісінде үлкен маңызы бар.

Жергілікті бақташылар семьяларымен жұмыс істей отырып, команда мүшелері табиғи резерват Шарга терри ториясында және оның маңында ошейниктер GPS-пен қойларды білезіктеді. Одан алған мәдіметтер қоныстанған мекендерін үй малдары мен ақбөкендер қалай пайдаланады және олардың байланыстарын білуге мүмкіндік береді. Екі жеті бойы команда Шаргин Гобиді аралап, 360 км жол жүріп, ондағы ақбөкендерді, олардың қоныстарын, таралуын бақылады. Онда 500-дей ақбөкен есепке алынды. Одан кейінгі уақытта алынған мәліметтер Distance программасын қолдану арқылы талданып, Шаргин Гобидегі ақбөкен популяциясына баға беріледі.

## Мектеп оқушылары үшін қосымша оқу құралы – ақбөкенді сақтау құралы

Ян Диркс

«Евразия» - жұмыс тобы – NABU және Ботаника және ландшафттар экологиясы, Грейфсвальд университеті, Германия

2004 жылдың күзінде Германияның академиялық DAAD алмасу мекемесінен құрып бара жатқан және аулаудан саны тіпті азайып кеткен түр - ақбөкенді сақтап қалу шараларын анықтау туралы мәліметтер алу керек екендігіне қолдау алдым. Жинаған мәліметтер мына көрсетті: ақбөкендерді 13-14 жастағы балалар мотоциклмен қуып, жиі ұстайды екен. Тіпті қару қолданбай-ақ, олар ақбөкен текелерін өлгенше қуады. Балалардың пікірінше, бұл әдіс өте тиімді, өйткені мотоциклдерді ауылдық жерде тез табуға болады және олардың көмерлері болмағандықтан оларды ұстауда қиынға соғады. Браконьерлікпен айналысқан балаларға бұл бір қызық оқиға сияқты: бұл құрдастары үшін бір жақсы іс тындырғандай көрінеді және үлкен табыс әкеледі.

Мемлекеттік және халықаралық үкіметтік емес ұйымдар ақбөкенді сақтауға тырысып, «Браконьерлермен күресу бригадаларын» қаржыландыру арқылы жыл сайын (750,000 € қаржы бөліп) аң қоныстарында браконьерлерді ұстауға көп көңіл бөледі. Мұндай бригадалардың табысы браконьерлерді тоқтатуда уақырша әрекет сияқты. Біздіңше пікірімізше, ақбөкенді сақтау жұмысының басқа да инструментальды әдістерінде пайдалану қажет. Көптеген ауыл тұрғындарының әл-ауқаты соңғы жылдары нашарлап кетті, «ескі советтік уақытта» тәуір еді. Ауыл тұрғындары өте кедей, енді олардың браконьерлікпен айналыспағанда несі қалды. Браконьерлермен күресу бригадалары табиғатты қорғау мен сақтау шараларын жүргізгенде жұртшылықты қорқыту әдістерін қолданады.

Менің пікірімше, көптеген жергілікті тұрғындар бұл бригадаларға онша сене бермейді (жек көреді), өйткені оларды үкімет жағы басқарады деп ойлайды: бұл жағдай ақбөкен жайына да әсер етеді. Сөйтіп, жергілікті халықтың кедейлігінен жануарларда жапа шегеді; үкімет жағы да оған онша мән бермейді; сондықтанда браконьерлерге қарсы бригадалардың ролі күшейеді. Соған сәйкес ақбөкенді сақтау тұрақсыз негізде жүзеге асады. Қорғау сол уақытта табысты болады, оған жергілікті тұрғындар мүдделі болса; сонда ғана сирек түрді қорғап, сақтап қалуға болады. Бұл күдікті, егер:

- ауыл тұрғындарына ақбөкен және оны қорғау жөнінде ешқандай мәлімет бермесе,
- алыс ауылдардың тұрмыс жағдайын көтермесе,
- ақбөкенді сақтау практикасы қаруланған, ұйымдасқан группаның қолында болса,
- жергілікті тұрғындардың ақбөкенге деген ынтасы болмаса.

Біздің зерттеулер көрсеткендей, мектеп оқушылары үшін ақбөкен жөнінде білімдік мәліметтер аз сияқты; әсіресе, олар мотоциклмен браконьерлік жасқа жеткенше. Біліммен қамтамасыз ете отырап, ақбөкен тіршілігі туралы жақсы мәліметтер беретін қосымша оқу құралдарын шығару арқылы біз түсінудің тұқымын себетін және табиғат қорғау идеясын қабылдатын боламыз. Кітапта көрсетілген мәліметтер арқылы мектеп оқушыларына (және олардың ата-аналарына) бұл ауданда ақбөкенге қарсы браконьерліктің төмендеуіне әсер етеміз.


Ақбөкен туралы қосымша оқу құралын шығару NABU проектісі. Ол орыс тілінде шыққан, жақында қазақ тіліне аударылады. Бұл оқу құралы 9-13 жастағы балаларға арналған, әсіресе, ақбөкен мекендеріне жақын орналасқан ауылдарда тұратындарға арналған. Оларды ақбөкен өмірімен, оның қазіргі қиын жағдайымен таныстырады. Мазмұны екі бөлімнен тұрады: бірінші бөлім жас балаларға арналған. Онда ақбөкен туралы аңыз бен ертегі, өлеңдер, суреттер және аң бөліктерінен жасалған ұсақ-түйек келтірілген. Кітап ақбөкен бейнелерімен жақсы көркемделген. Кітаптың екінші бөлімі 12-13 жастағы балаларға арналған. Онда ақбөкеннің биологиясы мен экологиясы, оған әсер ететін экофакторлар, сақтау үшін қолданып жатқан шаралар және дүние жүзінде ақбөкенді сақтау үшін жүзеге асырылып жатқан шаралар туралы әңгіме болады. Ақбөкенді және оның қоныстарын сақтау үшін мектеп оқушылары да не істеуі керектігі де айтылады.

- Мектеп оқушыларына арналған қосымша оқу құралын шығарудағы проектінің негізгі мақсаттары:
- Қазақстанда және көрші елдерде ақбөкен жөнінде білім беру;
- браконьерлікті азатту;
- Қазақстанда және көрші елдерде ақбөкенге деген көзқарасты жақсарту;
- Ақбөкенді сақтау процесіне азаматтық қоғамның жаңа мүшелерін тарту;
- Табиғатты қорғауға творчестволық көмек көрсету.

Оқу құралы адамдардың өз санасында ақбөкенді сақтау сезімдерін тудыру. Табиғатты қорғау үшін бір-бірімен байлаеысты әртүрлі әрекет керек. Қаруланған бригадалардың әрекеті онша көп қызығушылық тудырмайды; ал дәлелді бейнелер мен қызық мәліметтер Орталық Азияның кедей аудандарында қызығушылық тудырады және адамға ой салады. Біріншіден, бұл балаларға әсер етеді. Кітаптағы материалдары оқып, олар әкелерін браконьерлік жасауға болмайды деп үйретеді. Оқу құралының бұл бағалы аңды сақтап қалудағы ролі өте жоғары болады.

Кітап Қарағандыдағы біздің партнерлермен бірлесіп дайындалған (НПО “ЭкоОбраз” және “Арлан”). Оған маман мұғалімдер мен биологтар қатысты. Қаржыны NABU мен неміс фондысы Урзулы Мерц берді. Орыс тілінде шығаруға қосымша қаржыны WWF-Ресей, Франкфурт зоологиялық қоғамы (ZGF) және халықаралық ассоциация ИНТАС берді. Қазақ тілінде шығуына қаржыны Seimar Social Fund (Алматы, Қазақстан) бөледі. Екі тілдегі (қазақ және орыс тілдеріндегі) тираж саны 20 мың экзemplярь; қосымша қаржы болса, кітаптың тиражы әрі қарай өседі. Егерде ақбөкен мекендейтін басқа елдерде біздің әрекетімізді қолдаса, онда кітап басқа тілдерге де аударылады (мысалы, өзбек және түркмен тілдеріне).

Кітап тегін таратылады. Оны алу үшін Ян Дирксу, [jdierks@uni-greifswald.de](mailto:jdierks@uni-greifswald.de) және Мари Жирковаға, [ecoObraz@nursat.kz](mailto:ecoObraz@nursat.kz) хабарласу керек. Сондай-ақ жақында кітап бірнеше веб-сайтта болады, [www.saigak.biodiversity.ru](http://www.saigak.biodiversity.ru), [www.oopt.kz](http://www.oopt.kz), [www.iccs.co.uk/papers/Saiga\\_Schoolbook\(rus\).pdf](http://www.iccs.co.uk/papers/Saiga_Schoolbook(rus).pdf), [www.nabu.de/m01/m01\\_08/00991.html](http://www.nabu.de/m01/m01_08/00991.html).



## Өзбекстанда ақбөкеннің үстірт популяциясының қазіргі күйін бағалау және оны сақтау жолдары

Қосбергенов М.

Қарақалпақ Республикасының орман шаруашылық басқармасы, [eprommakset@mail.ru](mailto:eprommakset@mail.ru)

Үстірт қыратының теріскейіндегі Сам-Матай құмдарының маңы (Ақтөбе облысының шекарасына дейін 50 км) ақбөкендердің тұрақты төлдейтін участкелері болып табылады. Ауа райы қолайлы жылдары бұл қоныстарда ақбөкеннің жаппай төлдеуі сәуір айының аяғында немесе мамыр айында өтеді. Төлдеу кезінде ақбөкендер саны бірнеше ондаған мыңға жететін. 1990 жылдардың басында зерттеу кезінде бізге бірнеше мың ақбөкен лақтары кездесті; бұл аңның негізгі популяциясының бір бөлігі еді. Ал, 2006 ж. мамырда болғанымызда Үстіртте ақбөкендер төлдейтін жерлерде бұл жануарлардың болмауы таң қалдырды. Ақбөкендердің өздерінің төлдеуіне қолайсыз жерлерге (Қазақстанда) кетуіне не себеп болды? Жауап түсінікті. Оның себептері: Қытайда ақбөкен мүйізіне сұраныстар көп болуына байланысты браконьерлердің өсуі, Үстіртте орналасқан поселкаларда жұмыссыздықтың көбеюі, жергілікті тұрғындардың еті мен мүйізі үшін ақбөкенді көптеп аулауы, оны қорғаудың жоктығы, Үстіртте өндірістің дамуы, Арал теңізінің суалуы. Ертеде ақбөкендер Қарақалпақ территориясына Коңрад пен Шуманай аудандарына дейін қоныс аударатын. Қар қалың болған 1993-94 және 2004-05 ж. ақбөкендер елді пунктер маңында қаптап кетті. Браконьерлік өсті. Бұл ақбөкен санын тіпті азайтып жіберді. 1991 ж. Үстіртте ұйымдастырылған “Ақбөкен” қорықшасының ақбөкенді қорғауда онша үлесі болмады. Әсіресе, браконьерлер аңның мүйізіне бола текелерін көп қырды, сондықтанда популяцияның өніп-өсу қабілеті нашарлап кетті.

2004 ж. желтоқсан айының аяғында жүргізілген үшкүндік санақ кезінде ақбөкеннің 32 тобын ұшыраттық, әрқайсысында 45-50 бас болды. Мұнда бірақ ересек теке, үштен бірі бір жастағы текелер, қалғандары-аналықтар болды. Екінші жағынан, қоныс аударған бірнеше мың ақбөкендер тобын браконьерлер Абалан, Жаслық, Қарақалпакия станциясының маңындағы қалың қарға тығып, қырып салды. Оның орнында тек аңның сорғалап аққан қаны, терісі қалды; толып жатқан автокөлік іздері.





Жаспық станциясы маңында жолды кесіп өткен ақбөкен іздері. Сурет А.Есиповтікі

Ақбөкенді қыру мен оның етін тасымалдау бірнеше күнге созылса да, жергілікті елді мекеннің әкімшілігі, табиғат қорғау органдары ешқандай шара қолданбады. Ол жылы ақбөкендердің оңтүстікке қарай көп шұбыруы оның санының өскендігінен емес, Қазақстанда қалың қар түсуінен және азық тауып жеуі қиынға соққан соң болды. Әрі қарай шығынға ұшырамыс үшін ақбөкендер өздерінің қоныс аудару бағытын өзгертуге тура келді. Енді олар Үстірттегі Қомсомолск поселкасы маңынан Аджибай арқылы Арал теңізінің құрғап қалған жері арқылы шығысқа қарай кететін болды. Қарақалпақстанның Тақтакөпір ауданына дейін барады. Қызылорда облысының территориясына еніп, сексеуілді шөлді қыстайды. Бұл қоныстары ауа райы, азықтары жөнінде Түркіменстан жеріне қарағанда онша қолайлы емес. Аңның қоныс аударудың жаңа бағытында ашық үлкен территорияны да (200 км) кесіп өтеді; онда бірқатар газ шығаратын аудандарды басып өтеді.

Тақтакөпір мен Мойнақ аудандарында жергілікті тұрғындар мен әртүрлі геология-барлау экспедициялар адамдарының браконьерлікпен айналысуы - әдеттегі құбылыс. Бірақ Үстірттегі жұмыссыз браконьерлерге қарағанда мұнда ақбөкенді аулау жасырын білдірмей жүргізіледі. Өйткені жергілікті халық үшін ақбөкенді ату тіршілігінің негізгі көзі емес, ал геологиялық барлау адамдары жоғары ақылы жұмысымыздан айырылып қаламыз деп қорқады. Таяу уақытта бұл аудандарда газ-мұнай өндірістерін дамыту көзделіп отыр. Бұл жағдай ақбөкен қоныстарында аң аулау күшейіп, ақбөкенді құрып кетуге дейін жеткізуі мүмкін. Сондықтанда, Қарақалпақстанда ақбөкен популяциясына әсер ететін негізгі факторлар: браконьерліктің өсуі, оларға қарсы күрестің нашар жүргізілуі, аңшы инспекторлардың аз болуы және оларды техникалармен қамтамасыз етудің нашарлығы; жұмысты үйлесімді түрде атқару жоқтығы әрі ақбөкенді қорғайтын ұйымдардың алыста болуы (Өзбекстанның орман шаруашылығының бас институты Төрткөл қаласында, Үстірттен 700 км, ал Қарақалпақстанның Үстірт отряды Қоңград қаласында, Үстірттен 150 км); Үстірт пен Арал теңізі маңында өндірістердің дамуы. Жағдайды жақсарту үшін мыналарды жүзеге асыру керек: Қазақстан шекарасында Солтүстік Үстіртте (Сам-Матай құмы), ақбөкеннің төлдейтін жерінде, қорғалатын территорияны ұйымдастыру керек; көрші елдердің табиғат қорғау ұйымдарымен үйлесімді жұмыс істеу қажет, әсіресе күзгі – қысқы қоныс аудару кезінде; ақбөкенді сақтап, қорғау үшін аң төлдейтін участке таяу жерде “Ақбөкен” экоцентрін құру керек; жануарларды сумен қамтамасыз ету үшін құдықтар қазу да қажет-ақ; ақбөкеннің қоныс аударатын жерлерде кордондар мен жақсы құрал-жабдықтармен жасақталған инспекторлар бригадаларын құру керек.

## Солтүстік-Батыс Прикаспийде ақбөкен популяциясын өсіруді зерттеудегі жаңа тәсіл туралы

Арылова Н.Ю., Луцкекина А.А., Вознесенская В.В.  
А.Н.Сверцев атындағы экология және эволюция проблемалары  
Институты (РАН), [mab.ru@relcom.ru](mailto:mab.ru@relcom.ru)



Жас ғалымдар - А.Вознесенская және Н.Арылова лабораториялық зерттеулер жүргізуде. Сурет А.Луцкекинаныкі

Браконьерлердің ақбөкен текелерін таңдап атуы аңның жыныстық құрамын өзгертеді, соған байлынысты популяцияның өніп-өсуі және тұрақтылығы төмендейді. Ақбөкеннің барлық таралу аймақтарында оның осындай қиын жағдайын ескере отырып, жануарлардың өніп-өсуін жақсарту шараларын анықтау қажет.

Біздің жұмысымызда мынадай міндеттер қойылды: аналық ақбөкеннің көбею процесін бақылаудың аяушылық (сақтау) әдістерін табу болды. Ол үшін жануарлардың сүдігінен немесе қынан бөлінген гормондарлы немесе олардың туындыларын анықтау болды. Аталған әдісті қолдану – жануарларды қозған – қорыққан күйге түсірмейді, тек қана олардың эксперименттері (қиы, сідігі) зерттеуге алынады. Оның тек әдістеме жағынан ғана емес, сонымен бірге табиғатты қорғау жағынан да мәні бар. Зерттеу «Яшкөл» питомнигінде жүргізілді (ҚР жабайы жануарлар Орталығы). Онда 2004-2006 ж. 20 ақбөкеннен (15 аналық, 5 теке) қан алынды да, қилары жиналды. Олардың құрамындағы негізгі гормондардың корреляция дәрежесін анықтау зерттелді. Негізгі стероидты гормондардың (тестостерон, прогестерон, эстрадиол) концентрациясы иммуноферменттік (қаттыфазалық) анализ арқылы анықталды.

Аналықтың қаны мен қиындағы эстрадиоланың өзгеруін зерттеу бұл үлгілердің (образцы) анық корреляция бар екендігін көрсетті ( $p < 0,001$ ). Ақбөкен қиында эстрадиол гормонына иммунореактивтік аналықтың 4-5 жетілік буаз кезінде 10 есе өссе, ал 7 жетілік буаз күйінен бастап 50 есеге дейін өседі. Осындай заңдылықты біз қан плазмасын зерттегенде де байқалды.

Қан мен қидағы прогестеронның өзгеруін зерттеуде прогестеронға иммунореактивтікке сенімді корреляция жоқ екенін көрсетті. Сондай-ақ ақбөкен аналығының қанында прогестерон гормонының өсуі буаз болудың соңғы кезеңінде (12-15 жетілік) болады ( $n=5$ ). Бұл алынған нәтижелер прогестеронды ұрғашы ақбөкендердің көбею мониторингінде қолдануға болмайтынын көрсетті. Текелерінде ( $n=5$ ) тестостерона гормонын қанында зерттегенде, оның күз-қыста (қараша-желтоқсан) өсуімен бірге, екінші рет оның өсуі сәуір-мамыр айларында байқалады.

Міне, осындай зерттеулердің негізінде ақбөкен аналықтарының буаз болуын анықтайтын эстрадиолға қидың иммунореактивтік әдісі арқылы анықтау ұсынылды.



Бұл методты ұрғашы ақбөкендердің көбеюін зерттейтін мониторинг әдістерінің бірі ретінде қолдануға болады. Кезкелген популяцияның өміршеңдігі оның жақсы өніп-өсуіне байланысты, олардың көбірек ұрпақ беруі өлім-жітімнен жоғары болуға тиіс. Ақбөкеннің еуропа популяциясының табысты көбеюі, жоғарыда айтқандай, көптеген факторларға байланысты. Бірақ, біздің пікірімізше, солардың бірі - қорқыныштың (стресса) болмауы. Келешекте біздің жасаған методты табиғи ортада тіршілік ететін популяция мониторингіне енгізбекпіз. Жұмыс INTAS №03-51-3579 проектісі мен Ресей Академиясының «Биоалуантүрлілік және генофондылардың динамикасы» зерделі зерттеу программасы негізінде орындалды.

## Арал-Каспий аралығы территориясындағы ақбөкен

Глахов К.Н.

Экологиялық зерттеу институты, Қазақстан Ұлттық Аграрлық Университеті, Алматы, Қазақстан,  
[elchor@nursat.kz](mailto:elchor@nursat.kz)

Бұрын Үстірт қыратына бір ғана ақбөкен группировкасы – Үстірт популяциясы келеді деп саналатын; олардың қоныс аудару бағыты да жылдан-жылға өзгеріп отырады: кейде ол Бозаши түбегіне, кейде Оңтүстік Үстіртке немесе Сам құмына қарай ауатын. Оның себептері - адамдар оларды үнемі қадағалап отыратын немесе ауа райының кенеттен өзгеруі болатын. Кей бірпікірлер 1954 ж., ақбөкен санының қалыптасуына байланысты олар Үстірт қыратына өніп, онда жаңа группировка құрды деп санайды. Олар Оңтүстік Үстіртті, Жанакені, Қарақұмды қыстайтын болды. Ал, жазға қарай олардың басым көпшілігі солтүстікке қарай бет алып, ал аз бөлігі сол жерде қалатын. Солтүстік-Батыс Түркістанда олардың саны 40-50 мыңдай болатын, ал жазда бірнеше жүзден 30 мыңға дейін. Бұл жұмыстың мақсаты – Арал-Каспий аралығындағы территорияда (Қазақстан, Өзбекстан (Қарақалпақстан), Түркімения) ақбөкеннің тіршілік ету жағдайын баяндау.



Ақбөкеннің қоныс аударуы. Сурет Л.Лахманнанікі

Зерттеу 1985-2002 ж. жүргізілді. Мақалада әдебиет және ауызша мәліметтерде пайдаланылды. Зерттеу нәтижесі мына көрсетті:

1. Арал-Каспий аралығында ақбөкеннің үш группировкасы тіршілік етеді (жеке жергілікті топтарды есептемегенде). Оның ішінде ең ірісі-солтүстік үстірт группировкасы. Оның қыстайтын жері – Солтүстік Үстірт оңтүстікке қарай 44° с.ш., ал жазғы жайылымы – Ембі өзенінің теріскейі. Қазірде оның саны 20-30 мыңдай.
  2. Қалған ақбөкеннің екі группировкасы Солтүстік-Батыс Түркістанды – Оңтүстік Үстірт, Жанакені және Заузбой Қарақұмын қыстайды. Осы жерлерден қоныс аударуы оңтүстік-батыс Үстірт қыраты арқылы солтүстікке Қарабауыр ойпатына дейін жетеді. Ал, жекеленген топтар Кендерлі-Қаясан қыраты, Қарынжарық ойпаты, Шығыс Үстірттен Барсакелмес сорына дейін барады. Осы группировкалардың біріншісі Үстірт қорығы арқылы сәуір-мамыр айларында төлдеу басталғанға дейін өтсе, ал екінші группировка бұл участок арқылы маусым-шілде айларында төлдеп болған соң, лақтарымен бірге өтеді.
  3. Қарабауыр бөктерінен кейін екі группировканың қоныс аудару жолы өзгереді. Біріншісі Ералы участогіне соқпай Үстірт қыратына қарай жылжиды, Қаратұлей сорына жетіп, лақтайды. Маусым айында олар солтүстікке қарай жылжиды, жазды Сам құмы мен Асмантай-Матай соры және Үстірттың Солтүстік жоталарында өткізеді. Бұл аудандарда қазан айына дейін болып, одан әрі қыстайтын жерлеріне қайта оралады.
  4. Екінші группировканың бағыты өте күрделі. Қарабауыр бөктерінен Батыс Үстірт шыңы арқылы қозғала отырып, Батыс Үстірт тік қыратын жағалай, жаз айларын суы мол Қасқыржол, Батыс Қаратау, Тұзбайыр сорын және Сауысқан құмында өткізеді. Группировканың негізгі тобы Үстірттің Батыс шыңын жағалай Кертті бұлағына дейін жетеді. Әрі қарай қоныс аудару екі бағытта жүреді. Бір группасы батысқа қарай қозғала жүріп, Батыс Үстірт шыңынан төмен түсіп, Монат және Қызылсай участкелерін жайлайды. Одан әрі Қайдақ соры арқылы Бозашы түбегіне жетеді; сонда жазды өткізеді. Екінші группасы Батыс Үстірт шыңынан Жаманайрақты қыратына қарай бет алады. Жазда олар Батыс Үстірттің солтүстігінде және Мертвуй Қултук сорында болады. Қазан айының екінші жартысында айтылған үш группа қыстайтын жерлеріне қарай кері сапар шегеді.
  5. Мәліметтердің толық еместігіне қарамастан, өткен ғасырдың бірінші жартысында жақсы қоныстарда сақталып қалған ақбөкендер (әсіресе, Бозашы түбегінде), оңтүстік группировка, кейіннен өздерінің санын, таралу аймағын және қоныс аудару жолдарын қалпына келтірді. Қоныс аудару жолдарының жылма-жыл өзгеріп отыруы осыны дәлелдейді. Шығыс Үстіртте ақбөкендердің қозғалу бағыты зерттелмей қалды.
  6. Ақбөкеннің жыл сайынғы қоныс аудару мерзімі мен қозғалу бағытына Арал-Каспий аралығында көктем мен жаздағы және күздегі жауын-шашынның аз-көп болуы, соған байланысты өсімдіктер қорының өзгеруі әсер етеді. Өткен жылғы қыстап шығу жағдайының да әсері бар. Тіпті құрғақшылық жылдары кері қарай қоныс аударуы да мүмкін; оңтүстік группировканың бір бөлігі жазды Солтүстік-Батыс Түркістанда өткізеді.
  7. Үстірт пен Маңғыстау сорлары ақбөкендердің қоныс аударуына кедергі келтірмейді. Олар бұл сорларда еркін қозғалып, ондағы кішкентай «аралдарда» жайылып, мекендейті. Онда жақсы азық қоры мен оларға қорған болатын бұталар бар. Бұл «аралдар» олар үшін адам мен қасқырлардан қорғанатын паналар.
  8. 1985-2000 жылдары ақбөкеннің екі оңтүстік үстірт группировкаларында көктем-жазғы кезеңде орташа тобында 4,8-14,3 бас болды; күзде - 19,2-24,4 бас (орташа және ірі топтар өскен незде – 15 бастан көбірек).
- Арал-Каспий аралығындағы табиғи байлықтарды сақтап қалу үшін еренше қорғалатын аймақтар ұйымдастырылды. Қапқанқыр мемлекеттік қорығы (Түркіменстан; 1979 ж.) Үстірт мемлекеттік қорығы, Ақтау-Бозашы мен Қарагия-Қаракөл қорықшалары (Қазақстан, 1984 ж.), «Ақбөкен» қорықшасы (Қарақалпақстан, 1991 ж.). Деседе, олардың қызметтерінде ақбөкенді сақтап қалуға бағытталған жұмыстар онша байқалмайды. Соңғы жылдары солтүстікүстірт группировкасының саны 10 есеге қысқарды, ал 2002 ж. Үстірт пен Маңғыстауда оңтүстік үстірт группировкасы табылған жоқ. Браконеерлік өріс алды, әсіресе, алыс аудардарда. Соңғы жылдары пайда болған қиын жағдайдан шығудың бірден-бір жолы – Маңғыстау облысында және көршілес Ақтөбе облысы территориясын қамтитын Ұлттық табиғи парктер, оның бөлімдерімен қоса, ұйымдастыру. Онда тек қана ақбөкендер ғана қорғалып қоймайды, сонымен қатар басқа да табиғи байлықтар қорғалатын болады.

Ол үшін ерекше қорғалатын территориялардың материално-техникалық жағдайын, жануарларды қорғайтын мемлектік инспекторлардың еңбектерін көтермелеп бағалау арқылы олардың жауапкершілігін арттыру қажет.

Ескерту: мақала толық көлемде «Selevinia» журналында жарияланған (Қазақстан), 2006 ж.

## Проектілерге шолу



### Үстіртте (Қазақстан) табыстың альтернативтік (балама) көздерін ұйымдастыру жөніндегі FFI проектісі

2000 ж. Қазақстанда жұмыс істейтін Фауна мен Флораның халықаралық фондысы соңғы жылдары ақбөкеннің үстірт популяциясына көңіл аударды. Ұзақ мерзімге арналған мақсат-далалық ландшафтыны қалпына келтіру арқылы ақбөкенді сақтауды жақсарту. FFI жергілікті халықтың әл-ауқатын жақсартуды қолдау үшін проект ұсынды; ол браконьерлікке қарсы альтернативтік проект болып табылады. Бұл программа 2004 жылдан жұмыс ілтейді және бүгінде оның екінші этапы басталды-кіші гранттар программасы.

Лондон Империял Колледжісі мамандарының қолдауымен Үстіртте браконьерлікке қатысып жүрген бір қауым (община) таңдалып алынды. Онда бірқатар әңгімелер, семинар және тұрғындармен жеке әңгімелесу арқылы Бозой селосында олардың немен айналысқысы келетіні туралы ойларын білу керек болды; кіші гранттар арқылы оларды қолдау жағдайын ойластыру қажет еді; қаржының аздаған бөлігін DGIS бөлетін болды. Гранттың алғашқы бөлігі браконьерлікпен айналысатын жергілікті тұрғындардың тұрмысы нашар бөлігіне берілді. Слесарлық және дөнекерлеу, столярлық лавкалар ашылды. Қыстақтан 20 км қашықтықтағы жайылым қалпына келтірілді. Бұл 4 семья адамдарына өздерінің кіріс-табыстарын жақсартуға мүмкіндік берді. Қазірде бұл проектілер жақсы жұмыс істей бастады. Тіпті жұмысқа қосымша адамдар алуға мүмкіндік берді. Проектілердің тиімділігін ұлғайтты.

Кіші гранттардың екінші кезеңі 2006 ж. қазан айында басталды (Бозой қыстағында). Қыстақтың тұрғындары үшін бес проектілер қаржыландырылды. Мектеп балаларын жеміс-жидекпен қамтамасыз ету үшін мектепте теплица салынды және селода жеміс-жидек өсіру үшін тамшылап суару жүйесі құрылды. Басқа үш проект – екінші жайылым проектісі, семьялардың өз және көршілердің малдарын ұстауға көмектесіп, қыстау маңындағы жайылымды жақсартуға көмектесті; Жергілікті клубта би кружогы және массаж кабинеті құрылды. Бұл проектілер жалпы жергілікті қауым үшін жұмыс істеді. Әсіресе, кіші гранттардың бірінші бөлімі әйелдерге және олардың семьяларына арналды. Табыс көзінің альтернативтік формасын құру программасы тиімді болып, жергілікті халықтың тұрмысын жақсартуға аздап болса да көмектеседі деп санаймыз.

Қазірде FFI қоныс аударатын түрлер Конвенциясына қол қойып, Қазақстан мен Өзбекстан территорияларындағы ақбөкеннің Үстірт популяциясын сақтап қалу жұмыстарын кеңейтуді жоспарлауда. Фауна мен флораның халықаралық фондысы партнерлық проектілер үшін ашық, ақбөкенді қорғауға тартылған жергілікті ұйымдарға көмек беруге дайын әрі ақбөкен мекендейтін төрт елдің шөл далаларды жақсартуға бағытталған шараларын қолдайды. Қосымша мәліметтерді Ричард Оллокориен аласыздар, FFI, [ralcom@fauna-flora.org](mailto:ralcom@fauna-flora.org)



Қытайдың традициялық медицинасында ақбөкен мүйізі қолданылады. Сурет Джаояо-Хейхе

### Қытайда ақбөкен мүйіздерімен сауда жасауды зерттеу проектісі

2006 ж. ақпанынан 2007 ж. ақпанына дейін Қытайда WCS программалық офисі, СИТЕС секретариаты мен әкімшілік органдарының қолдауымен Қытайдағы ақбөкен мүйізімен сауда жасаудың қазіргі жағдайын зерттеу проектісін іске асырауға кірісті. Алынған мәліметтер Қытай Үкіметі мен СИТЕС секретариатына, ақбөкен мүйізімен сауда жасауды басқару және аңды қорғау мақсатымен, табыс етілді.

Жалпы, сегіз провинция және бір муниципалитеттегі, үш провинциядағы сегіз қала және үш шекаралық провинциядағы 12 басты сауда базарлары тексеріледі. Сондай-ақ әдебиет мәліметтері, интернет материалдары, қытайдың традициялық медицинасында жұмыс істейтін мамандар мен эксперттардың материалдары пайдаланылады.

Қосымша материалдарды Лишу Ли, WCS-Китай, аласыздар: [jasmine.ils@hotmail.com](mailto:jasmine.ils@hotmail.com) и Аили Кан, WCS-Китай, [yqing@online.sh.cn](mailto:yqing@online.sh.cn).

## Жаңа басылымдар

(бұл жұмыстарды жұртшылықтың іздеуіне қолайлы болу үшін қай тілде шықса, сол күйінде беруді жөн көрдік)

Грачев Ю.А., Бекенов А.Б., Ташибаев Е.С. Особенности размножения и структуры популяции сайгака на Устьурте в 2005 г. // Мат-лы международной научно-практической конференции / Актуальные проблемы экологии и природопользования в Казахстане и сопредельных территориях, 25-26 мая 2006 г., Павлодар, 2006, с. 293-295.

Представлены результаты полных наблюдений, выполненных при поддержке проекта ИНТАС (№ 03-51-3579) в период размножения сайгаков в 2005 г. на Устьурте. Установлено, что сроки размножения, по сравнению со средними многолетними данными, не изменились. Плодовитость животных снизилась из-за уменьшения числа продуктивных самцов. Приведены данные о структуре популяции сайгака в весенний и осенний период в регионе. Контакт: Грачев Юрий Александрович, Бекенов Аманкул Бекенович: [terio@nursat.kz](mailto:terio@nursat.kz)

Морган Э.Р., Лундверолд М., Медли Г.Ф., Шайкенов В.С., Торгерсон П.Р., Милнер-Гулланд Э.Дж. Оценка риска трансмиссии заболеваний между дикими и домашними животными: на примере сайгака. *Biological Conservation*, 2006, **131**, 244-254.

Трансмиссия заболеваний между дикими и домашними животными может помешать усилиям по сохранению видов из-за снижения жизнеспособности угрожаемых популяций или разрушения устойчивости существующих или потенциальных природных очагов заболеваний. В статье описывается использование трансмиссивных моделей для оценки риска передачи болезни в системе дикие - домашние животные с целью выработки стратегий контроля. Мы изучали патогены сайгака (*Saiga tatarica*) и домашних жвачных в Центральной Азии. Основной риск заболевания ног, ротовой полости и заражения желудочно-кишечного тракта нематодами связан с заражением сайгаков от домашнего скота и последующего географического распространения инфекции во время миграции сайгака. Вероятность заболевания ног и ротовой полости имеет высокую степень зависимости от размера популяции и времени проникновения вируса. Для нематод уровень риска и предполагаемое направление трансмиссии затрагивает ключевые особенности образа жизни паразита, такие как продолжительность жизни *Marshallagia* вне организма хозяина, делающее возможным инфицирование сайгаков осенью и перенос инфекции в северном направлении весной. Полевые учеты численности паразитов обеспечивают качественную основу для построения прогнозов. Обсуждается применение моделей, как инструмента ранней оценки трансмиссии заболеваний между дикими и домашними животными. Контакт: Эрик Морган, [eric.morgan@bristol.ac.uk](mailto:eric.morgan@bristol.ac.uk)